

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№4 (2023)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/GFEU2843>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/PZWH1678>

***Б. Д. Карбозова¹, Г. К. Шахажанова²**

^{1,2}Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық

техникалық зерттеу университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*e-mail: bulakarb_83@mail.ru

ЖИІЛІК СӨЗДІКТЕРДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ МЕҢГЕРТУДЕГІ РӨЛІ

Бұл мақалада мемлекеттік тілді оқытуда ЖОО студенттеріне қазақ тілінің жиілік сөздігін қолданудың тиімді әрі маңызды екендігі жайлы баяндалады. Яғни жиілік сөздіктердегі ең жиі қолданыстағы (актив) сөздер алдымен сөздіктің бас жағында орналасатындықтан, оларды қазақ тілінің қарым-қатынас жасау кезіндегі жиі қолданылатын сөздер ретінде тануға болатындығын және сандық мәліметтер тілге де беретін өзіндік септігі бар тұстарын көрсетіп өтеміз. Ал бұл жалпы алғанда тілді оқытуда, әртүрлі лексикалық минимум сөздіктер құрастыруда негізгі құрал қызметін атқарады дегуге толық негіз бар. Яғни коммуникативтік актіні ұйымдастырудың негізгі лексикалық қоры болып табылады.

Тілді оқыту процесі мүмкіндігінше оңтайландырылуы керек. Осыған орай меңгертуде мүмкіндік беретін ұтымды әдістер мен бағдарламаларды қамтамасыз ету маңызды болып табылады. Жиілік сөздіктері әртүрлі салаларда қолданылады, мысалы: лингвистикалық типологияда, тілді оқыту, статистикалық лексикография, әлеуметтік ғылымдар, сонымен қатар тіл және сөйлеу теориясында.

Осы айтылған жайттар мақалада кеңінен талданып, сараланады. Жиілік сөздіктерді практикалық сабақтарда қолданудың тиімділігі сипатталады. Әсіресе жиілік сөздік негізінде техникалық жосары оқу орындары студенттеріне мемлекеттік тілді деңгейлетіп оқыту технологиясын әзірлеу қажет екендігіне мән беріліп, басты міндеттемелер ұсынылады.

Кілтті сөздер: жиілік сөздіктер, лексикография, термин сөздер, лексикалық минимум, тілдік бірлік, сандық мәлімет, статистика.

Кіріспе

Қазіргі кезде қазақ лексикологиясының аса бір маңызды мәселесінің бірі – қазіргі қазақ тілінің қолданыстағы лексикалық жүйесінің шекарасын айқындау болып табылады. «Қазақ тілінің жиілік сөздігі», ең алдымен, жиі қолданыстағы сөздік қорымыздың шекарасын анықтап алу үшін өте қажет.

Жиілік сөздіктерді құрастыру ісі, басқа да лексикографиялық еңбектер сияқты, әр кезеңде де әртүрлі теориялық және қолданбалы бағыттардағы зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін маңызы зор өзекті тақырыптардың бірі болып келеді. Жиілік сөздіктер – тіл білімінің лингвостатистика саласының басты зерттеу нысаны, зерттеу көрсеткіштерінің бірі болып табылады.

Ана тіліміздің немесе басқа да туыстас (немесе туыс емес) тілдердің стильдік мәтіндері үшін жасалған жиілік сөздіктердің осы тілдің лексикалық құрамын тереңдетіп зерттеуде, сөздік құрамның жалпы функционалдық стильге ортақ бөлігін ерекшелеуде пайдасы зор. Сондай-ақ тілдің жалпы лексикалық жүйесіндегі танымал лексика, жаңа сөздер мен терминдер, неологизмдер және басқа да лексикалық топтардың орны туралы сандық және сапалық көптеген мәліметтер алуға болады. Сөздердің саны мен тұлғалары арқылы тілдің лексикалық байлығы мен стильдік ерекшеліктері анықталады. Мұндай сөздіктерден зерттеуші жаңа сөзжасам жүйесіне қатысты да бағалы деректер ала алады. Сонымен бірге, жиілік сөздік мәліметтері қазақ тілін туыстас түркі тілдері және туыс емес тілдермен салыстыратын типологиялық зерттеулер үшін де аса қажет деуге әбден болады.

Оқытудың бастапқы кезеңдері үшін лексикалық минимумды дұрыс таңдау – нәтижеге әкеледі. Минимумды сәтті таңдау – топтастыруға негізделеді. Кез келген ғылым топтастырудан басталатыны белгілі [1].

Материалдар және әдіс-тәсілдер

Зерттеуге қазақ тілінің жиілік сөздіктері және сөздік құрастырудағы шетелдік теориялық тұжырымдар пайдаланылды. Мақаланы жазу барысында теориялық материалды жинау, талдау, салыстыру, жүйелеу, қорытындылау әдіс-тәсілдері кеңінен қолданыс тапты.

Нәтижелер мен талқылау

«Қазақ тілінің жиілік сөздігіндегі» сөздер мен сөз таптарының статистикалық деректері қазақ тілінің лексикалық құрамын жан-жақты зерттеуде салыстырмалы талдауды жүзеге асыруға, сөз табына қатысты нақты фактологиялық мәліметтер беруге, тұтастай алғанда, қазақ тілінің көптеген теориялық мәселелерін шешуге мүмкіндік туғызады. Сонымен қатар әдістеме тұрғысынан алғанда ЖОО студенттеріне жиілік сөздіктерді басшылыққа ала отырып тілді меңгерту тиімді және ыңғайлы болмақ. Қолдану жиілігі бойынша ең көп қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерінің тізімін алып, бейіні техникалық оқу орындардың студенттеріне өз саласына қатысты

терминдерді де топтастыра отырып меңгерту әлемдік тәжірибелерден байқауға болады. Әдістемелік жағынан алғанда, мұндай тізім өте ыңғайлы: ол қажетсіз сөздерді жаттаудан арылтады, терминнің жиілік мәнін, оның шектеулі мәтіндер шеңберіндегі сандық таралуына сүйене отырып, терминологияны қандай ретпен зерттеу керектігін көрсетеді.

Орыс тіл ғылымындағы салалық лингвостатистикалық зерттеу жұмыстары орыс ғалымы профессор Р. Г. Пиотровскийдің жетекшілігімен «Сөйлесім статистикасы» тобының еңбектерінде көрініс берген [2]. Ғалымның пікірінше, өзге тілді үйретуде, машиналық аударма жұмыстарында автоматты сөздікті қолдану тиімді әрі ұтымды. Кез келген оқырман мамандық бойынша мәтінді түсіну үшін жиілік сөздіктегі лексикалық бірліктерді басшылыққа алуы маңызды.

Жиілік сөздік бүгінгі таңда аса өзекті болып отырған мемлекеттік тіл саясаты бойынша атқарылатын іс-шараларды жүзеге асыруға, атап айтқанда: мемлекеттік тілді оқытуда, әсіресе оқулықтарды, оқу құралдарын, оқу сөздіктерін, тілдік (лексикалық, грамматикалық) минимумдарды жасауда бірден-бір қажетті құрал болып табылады.

Жиілік сөздіктерді құрастыру ісі, басқа да лексикографиялық еңбектер сияқты, күрделі әрі көп ізденістерді қажет ететін жұмыстардың бірі екендігін жоғарыда сөз еткен болатынбыз. Осындай өнімді жұмысты 2016 жылы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының тілші ғалымдары, статист жас мамандар құрастырған «Қазақ тілінің жиілік сөздігі» атты сөздіктен көре аламыз. Ең алдымен мемлекеттік тілді оқытуда, оқулық, оқу құралдарын, оқу сөздіктерін, тілдік (лексикалық, грамматикалық) минимумдарды ғылыми негізде жасауда аса қажетті осы сипаттағы еңбектердің ішінде омонимдердің ажыратылғандығымен, мәтіндік базасының ауқымдылығымен ерекшеленетін тың тілтанымдық-лексикографиялық еңбек болып табылады. Сонымен бірге сөздік морфологиялық, фонетикалық дублет, жарыспалы сөздердің қай нұсқасын әдеби нормаға алуды анықтауда, кірме сөздер, терминдер, неологизмдердің тілдің жалпыхалықтық лексикадағы орнын анықтауда, басқа да түрлі сөздіктер жасауда, лексикографиялық теориялық мәселелерді шешуде, тілдің лексикалық байлығы мен стильдік ерекшелігін, түрлі стильдердегі сөзқолданыс сипатын анықтауда, типологиялық зерттеулер жүргізуге керек материал жинауда, сөздер мен сөз таптарының статистикалық деректерін алуда бірден-бір қажетті құрал болып табылады.

Компьютерлік технологияларды лингвистер тек соңғы онжылдықтан бері ғана пайдаланды деуге болмайды. Оларды тіл ғылымында пайдаланудың ежелден келе жатқан дәстүрлі жолы бар. Шетел ғалымы Р. Бус сонау 1949 ж. конкордантты автоматты түрде құрастыру жұмысын бастаса,

Фома Аквинскийдің еңбектері оны бірнеше ондаған жылдардан кейін ғана аяқтағанын еңбектерінен көре аламыз [3].

Бүгінгі таңда компьютердің бағдарламалық ресурстарын тіл білімінің түрлі салаларында, әртүрлі жобаларды өңдеуде, тілдік минимумдарға анализ-синтез жасауда қолдануда. Компьютердің көмегімен индекстер жасалады, электронды басылымдар дайындалады, мәтіндерге стилистикалық талдаулар келтіріліп, сөйлеуді қалыптастыру және тану бойынша жұмыстар жүргізілуде. Жоғарыдағы айтылған практикалық жұмыстардың зерттеу саласы «Гуманитарлық есептеулер» деп аталады. («Humanities Computing»).

Өткен ғасырдан бүгінгі күнге дейін жалғасып келе жатқан практикалық үрдістер де жоқ емес. Білімнің әртүрлі салаларының өзара әрекеттесуі және өзара байланысы ғылымдар арасындағы тоғысудың көрсеткіші. Осындай қарқынды дамудың нәтижесінде өндірісте жаңа салалар пайда болды және интеллектуалдық белсенділік артты. Жылдар өткен сайын математика бағыты таза гуманитарлық салаларға айналып, тіпті күллі ғылымның ығына еніп келеді оларға жақынырақ – логикаға, философияға, статистикаға және жиырма қоғамдық ғылымдар, тіпті тіл білімі де қалыс қалмады. Осылайша олардың эвристикалық әлеуетін арттырды деп есептеуге болады. «Қанша?» деген сұраққа алынған жауап бір мезгілде «не?», «қалай?» деген сұрақтарға да жауап болып анықталды. Ал сол мәтіннен алынған статистикалық деректер жиілік сөздіктер құру үшін қолданылады.

Жиілік сөздік – тілдегі сөздердің сандық бейнесі, сөз формаларының немесе сөз тіркестерінің жиілігі туралы деректер сипаты деуге болады.

Көптеген зерттеулер мен ғылыми жұмыстарға зер салсақ, алғаш рет жиілік сөздіктер орыс лексикографиясында пайда болған.

XX ғасырдың 60-жылдары. 1963 жылы Таллинде Э. А. Штайнфельдт «Қазіргі орыс тілінің жиілік сөздігі, 2500 ең көп жиі қолданылатын сөздер. Ұзақ жылдар бойы ұлттық орыс тілі оқулықтарының авторлары мектептері «Қазіргі орыс тілінің жиілік сөздігі» Е. А.Штайнфельдт лексикалық минимумдарды анықтаудың қайнар көзі болды [3].

Әлем тілдерінде ұлы жазушылар тілінің жиілік сөздіктері жарық көрген. Мысалы, М. Ю. Лермонтов тілінің жиілік сөздігі, Л. Н. Толстойдың «Война и мир» романының жиілік сөздігі, А. П. Чехов әңгімелерінің жиілік сөздігі, Марк Дэвистің «Испан тілінің жиілік сөздігі» сияқты шетел және орыс тілінде де жазушы тілінің жиілік сөздіктері жарық көрген. Мысалы, ағылшын тілдерінің де жиілік сөздіктері Lorge I. A., Davies M., Gardner D., Thorndike E. L. сынды ғалымдардың жұмыстарынан көрініс береді. Аталған зерттеу еңбектері тіл-тілдегі жиі кездесетін тілдік бірліктердің екінші тілді меңгеруде аса құнды екеніндігін көрсетеді [4, 5, 6].

Осы негізде төл жұмыстардың да жоқ емес екендігін көруге болады. Қазақ тілінде жарық көрген жекелеген жазушылар тілінің жиілік сөздіктері көптеп кездеспесе де, біршама маңызды сөздіктер жарық көрген. Түркі тілдері бойынша алғаш боп жиілік сөздіктер алуды бастаған қазақ тілші ғалымдары да әртүрлі стильдер мен белгілі бір автор шығармалары бойынша жиілік сөздіктер алуды сәтті орындап шыққандығын төмендегі еңбектер дәлелдейді. М. Әуезовтің 20 томдық шығармалар тексінің жиілік сөздіктері [7], сонымен қатар статистикалық еңбек, [8], публицистика тілінің [9], математика терминдерінің жиілік сөздіктері [10] жарық көрді. Жылдар салып 2016 жылы Тіл білімі институты лексикалық минимум жасауға қажетті «Жалпы білім берудегі жиілік сөздікті» құрастырып шықты [11]. Бұдан басқа аталған Институттың Қолданбалы лингвистика бөлімі осы 70-жылдар қазақ тілінде жарық көрген әртүрлі жиілік сөздіктердің басын біріктіріп, «Қазақ тілінің жиілік сөздігін» қайта шығарды [12]. Сондықтан қазақ тілінің сөзқолданыс ерекшеліктерін танып-білу үшін қазақ тілінің жиілік сөздігін қазіргі заманауи жиілік сөздіктер талабына сәйкес мемлекеттік тілді оқытуда қолдану қолданбалы тіл білімінің аса маңызды мәселелерінің бірі деп санаймыз.

Осы келтірілген жұмыстарды талдай келе, жиілік сөздіктер келесі параметрлер бойынша жіктелгенін көруге болады:

- тілдік бірліктер (қазақ тілі сөздерінің, орыс тілі сөздерінің, неміс, ағылшын және т.б.);
- мәтін түрінде (жазбаша және ауызша сөздіктер);
- мазмұны бойынша (жалпы сөздіктер, арнайы (терминдер сөздіктері, авторлар, шығармалар, газет мәтіндері және т.б.));
- құрастыру әдісі бойынша (сөздіктер, нұсқаулықтар, автоматтандырылған, біріктірілген);
- жиілік реакциясының түрі бойынша (абсолюттік жиілік сөздіктер, іртм (миллион сөзге даналар) – миллион сөз формаларына жиілік, сан осы бірліктерде кездесетін сөздер);
- материалды талдау әдісі бойынша (үздіксіз сипаттама сөздіктер немесе селективті (көбірек)).

Тілдегі, оның ішінде бейіні техникалық жоғары оқу орындарында белсенді оқытылатын сөздік қор шеғарасын, сол арқылы қазақ тілін, әсіресе екінші тіл ретінде үйренетіндерге арналған тиімді оқулықтар мен оқу құралдарын, оларға база болатын лексикалық-грамматикалық минимум әзірлеуге қажетті лексикалық материалды анықтап беру оқытушының басты мақсаты деп есептейміз.

Қазақ тілі – өмірдің сан саласында қолданылуға әлеуеті әбден жететін түркілік түбірін сақтаған сөздік қоры жағынан әлемдегі ең бай, саламатты

әрі жаңғырған тілдердің бірі. Ұлтымыздың ұлы қазынасын тіліміз арқылы ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отыру – кез келген қоғам үшін парыз. Бұл – білім беру жүйесінің басты мақсаты.

Тілде сақталған ұшан-теңіз білімдер жүйесіне болашақ қазақстандықтардың барлығы дерлік қол жеткізе алуы үшін алдымен оларды кез келген қоғамдық ортада жаппай мемлекеттік тілде сөйлеуге баулуымыз керек. Ол үшін еліміздегі қазақтілді емес мектеп оқушыларына тілді үйретуді жалпы қолданыстағы белсенді сөздерден бастаған абзал. Мұндай сөздер сөйлеушінің дiттеген ойын жеткізуге, орындатуға, сәтгi тiлдiк қарым-қатынас орнатуға көмегін тигізеді.

Тілдегі, оның ішінде бейіні техникалық жоғары оқу орындарында белсенді оқытылатын сөздік қор шеғарасын, сол арқылы қазақ тілін, әсіресе екінші тіл ретінде үйренетіндерге арналған тиімді оқулықтар мен оқу құралдарын, оларға база болатын лексикалық-грамматикалық минимум әзірлеуге қажетті лексикалық материалды анықтап беру тілші-педагогтердің міндеті деп білемін.

Осы орайда қазақ тілінің жиілік сөздігі негізінде техникалық жоғары оқу орындары студенттеріне мемлекеттік тілді деңгейлетіп оқыту технологиясын әзірлеу қажет дей келе мынадай басты міндеттемелерді топтастыруға болады;

- Қазақ тілінің жиілік сөздігі негізінде техникалық жоғары оқу орындары студенттеріне мемлекеттік тілді меңгерту барысында бірінші, екінші деңгей тапсырмаларының үлгісін жасау;

- Қазақ тілінің жиілік сөздігі негізінде техникалық жоғары оқу орындары студенттеріне мемлекеттік тілді меңгертудегі деңгейлеп оқытудың ерекшеліктерін көрсету;

- Қазақ тілінің жиілік сөздігін негізге ала отырып Қазақстандағы техникалық жоғары оқу орындарында білім алатын студенттердің оқу материалдары негізінде техникалық мамандықтарға арналған минимумдардың қазақша жиілік сөздігін компьютердің көмегімен түзу.

Тұжырымдама

Осындай маңызды сөздік жасаудағы жұмыстарда әлемдік ғалымдардың мына тұжырымдамасын назарда ұстауымыз керек деп ойламын. «Терминдер сөздік қордың ең маңызды әрі негізгі лексикасы. Студенттік аудиторияда жиілік минимум-сөздігі емес, оқу терминологиялық минимум-сөздігі қолданылуы керек; бірдей дәрежеде мәтіннің жиілік моделі өзінің барлық объективтілігі мен сенімділігіне қарамастан, мәтіннің оқу моделін алмастыра алмайды».

Адам дүниетанымында сан мен сапаның диалектикалық бірлікте өмір сүріп, бір-бірімен жарысатыны табиғи заңдылық. Атақты философ

Аристотель концептуалды және логикалық категориялар деп таныған сан мен сапа ұғымдары уақыт пен кеңістік сияқты бір-біріне сәйкес өмір сүре алмайды. Дүние, болмыс белгілі бір уақыт пен кеңістіктегі материя күйінде белгілі болса, онда бұл материяның белгілері мен қасиеттері болады. Философиялық тұрғыдан алғанда, барлық болмыс уақыт пен кеңістікте бар және оның сапасы мен саны бар. «Барлық заттар мен құбылыстар олардың сапалық сипатымен, ал екінші жағынан, сандық сипатымен анықталады. Бір-біріне ұқсамайтын заттардың арасында сапалық айырмашылық пен ұқсас заттардың арасында сандық айырмашылық бар. Демек, сапа – бір нәрсенің мәнінің сан ұғымынан бөлінбейтін екі жағы. Бар заттар мен құбылыстар таным процесінде сапалық және сандық жағынан диалектикалық бірлікте анықталады. Олар объективті шындықтың маңызды аспектілері болып табылады және бір-бірімен тығыз байланысты. Сандық анықтау әрқашан сапалық анықтамадан кейін жүзеге асады, өйткені заттардың ажыратылатын белгілері, алдымен заттардың сапалық белгілері қарастырылады, ал біртекті заттар мен құбылыстар сандық тұрғыдан анықталады».

Философиялық сөздікте сан ұғымы: «Сан – оның анықтамасы, ол затты біртекті бөліктерге (нақты және елестету) бөлуге және бұл бөліктерді қайтадан қосуға болатынын білдіреді».

Бодун де Куртенэ тіл біліміндегі сандық категорияны кеңірек зерттеуге үлес қосты. Оның айтуынша:

«1 Размерная величина, пространственная величина: безразмерная, двумерная, трехмерная, многомерная;

2 Количество времени, продолжительность определенного процесса;

3 Числовая величина, относящаяся в равной степени к пространству и времени;

4 Количественная оценка интенсивности и степени» [13].

Бұл тұжырымнан заттар мен құбылыстардың барлығын санауға келеді деп ұғынуға болады.

Қорытынды

Міне, осындай сандық ақпараттардың негізінде жиілік сөздіктер алынып отырған. Ал осы сөздіктерді пайдаланып қазақ тілін тез әрі тиімді әдістермен меңгерту үшін студенттерге арналған әдістемелік оқулықтар мен сөздіктер жасауға әбден болады.

Тіл саласындағы ғылыми-практикалық бастама мен тәжірибеге сүйеніп, Қазақстанның техникалық жоғары оқу орындары студенттеріне мемлекеттік тілді оқыту әдістемесінің инновациялық базасын жиілік сөздіктер негізінде жасап, оқытуда өте қажетті деуге болады. Келешекте тілді меңгертуде техникалық мамандарға арнайы нәтижелі өнімдердің бірін шығарамыз деген сеніміміз мол.

Ұсынылып отырған зерттеу мақаласы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті ІРН АР15473326 «Қазақ тілінің жиілік сөздігі – Қазақстанның техникалық жоғары оқу орындары студенттеріне мемлекеттік тілді оқыту әдістемесінің инновациялық базасы» атты тақырыптың негізінде орындалып отыр.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Күзекова, З. С., Асанова, Ұ. О., Аяпова, Т. Т., Оразбаева, Ф. Ш., Мамаева, М. Қ.** Қазақ тілін орта деңгейде меңгерудің деңгейлік тақырыптық лексикалық минимумы / Екінші басылым [Текст]. – Астана : «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК, 2018. – 100 б.

2 **Пиотровский, Р. Г.** Предисловие к кн. : частотный англо-русский словарь-минимум по электронике [Текст]. Сост. П. М. Алексеев. М., 1971.

3 **Штейнфельд, Э. А.** Частотный словарь современного русского литературного языка [Текст]. Таллин., (1963).

4 **Busa, R.** The Annals of Humanities Computing. The Index Thomisticus [Текст] / R. Busa // Computers and the Humanities – 1980. – Vol. 14. – Pp. 83–90.

5 **Lorge, I.** A Semantic Count of English Words [Текст] / I. Lorge, E. L. Thorndike. – Teachers College, Columbia University. 1938. – 1177 p.

6 **Lorge, I.** The semantic count of 570 Commonest English Words [Текст] / I. Lorge. – N. Y., 1949.

7 **Бектаев, Қ., Жұбанов, А., Мырзабеков, С., Белботаев, А.** «М. Әуезовтің 20 томдық шығармалар мәтіндерінің жиілік сөздігі» [Текст], Алматы-Түркістан, 1995 ж. – 128 б.

8 Қазақ тексінің статистикасы [Текст]. – Алматы, 1973. – 731 б.

9 **Ахабаев, А.** Қазіргі қазақ газеттері тілінің алфавитті-жиілік сөздігі / Қазақ тексінің статистикасы [Текст]. – Алматы, 1973. – 731 б.

10 **Белботаев, А.** Математика тексінің алфавитті-жиілік сөздігі / Қазақ тексінің статистикасы [Текст]. – Алматы, 1973. – 731 б.

11 Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі [Текст]. – Алматы, 2016. – 1472 б.

12 **Жұбанов, А., Жаңабекова, А., Карбозова, Б., Қожахметова, А.** Қазақ тілінің жиілік сөздігі [Текст]. – Алматы : «Қазақ тілі» баспасы, 2016. – 665 б.

13 **Бодуэн де Куртенэ, И. А.** Избранные труды по общему языкознанию [Текст]. – М. : Академия наук, 1963. – Т. I. – 384 с.

References

1 **Küzekova, Z. S., Asanova, Ū. O., Aiapova, T. T., Orazbaeva, F. Ş., Mamaeva, M. Q.** Qazaq tılın orta deñgeide meñgerudiñ deñgeilik taqyryptyq leksikalıq minimumy [Minimum lexical minimum for the level of mastery of the Kazakh language at the intermediate level] [Text] / Second edition. – Astana : 2018. – 100 p.

2 **Piotrovski, R. G.** Predislovie k kn.: chastotnyi anglo-ruski slovär-minimum po elektronike [Preface to the book: minimum frequency English-Russian dictionary of electronics] [Text]. Sost. P. M. Alekseev. M., 1971.

3 **Şteinfeld, E. A.** Chastotnyi slovär sovremennogo ruskogo literaturnogo iazyka. [Frequency dictionary of modern Russian literary language] [Text] / Tallin., (1963).

4 **Busa, R.** The Annals of Humanities Computing. The Index Thomisticus [Text] / R. Busa // Computers and the Humanities – 1980. – Vol. 14. – Pp. 83–90.

5 **Lorge, I.** A Semantic Count of English Words [Text] / I. Lorge, E. L. Thorndike. – Teachers College, Columbia University. 1938. – 1177 p.

6 **Lorge, I.** The semantic count of 570 Commonest English Words [Text] / I. Lorge. – N. Y., 1949.

7 **Bektaev, Q., Jubanov, A., Myrzabekov, S., Belbotaev, A.** «M. Áyezovtiñ 20 tomдық shyğarmalar máttinderiniñ jülik sózdığı», [Frequency dictionary of texts of works of M. Auezov in 20 volumes] [Text], – Almaty-Turkistan 1995 Y. – 128 p.

8 Qazaq teksiniñ statistikasy [Statistics of the Kazakh tribe] [Text]. – Almaty, 1973. – 731 p.

9 **Ahabaev, A.** Qazırǵı qazaq gazetteri tılıniñ alfavitti-jülik sózdığı /Qazaq teksiniñ statistikasy // Alphabetical-frequency dictionary of the language of modern Kazakh newspapers / Statistics of the Kazakh text [Text]. – Almaty, 1973. – 731 p.

10 **Belbotaev, A.** Matematika teksiniñ alfavitti-jülik sózdığı / Qazaq teksiniñ statistikasy [Alphabetical-frequency dictionary of mathematics text / Statistics of Kazakh] [Text]. – Almaty, 1973. – 731 p.

11 Jalpy bilim berýdeǵı qazaq tılıniñ jülik sózdığı [Frequency dictionary of the Kazakh language in general education] [Text]. – Almaty, 2016. – 1472 p.

12 **Jubanov, A., Jañabekova, A., Karbozova, B., Qojahmetova, A.** Qazaq tılıniñ jülik sózdığı [Frequency dictionary of the Kazakh language] [Text]. – Almaty : «Kazakh language» publishing house, 2016. - 665 p.

13 **Bodyen de Kýrtene, I. A.** Izbrannye trýdy po obemý iazykoznaniiy [Selected works on common linguistics] [Text]. Academy of Sciences, 1963 – M. : 384 p.

Басып шығаруға 30.11.23 қабылданды.

*Б. Д. Карбозова¹, Г. К. Шахажанова²

^{1,2}ҚазНІТУ имени К.И. Сатпаева,

Республика Қазақстан, г. Алматы.

Принято к изданию 30.11.23.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЧАСТОТНЫХ СЛОВАРЕЙ ПРИ ИЗУЧЕНИИ ГОСУДАРСТВЕННОГО ЯЗЫКА

В статье рассматриваются об эффективности и важности использования частотного словаря казахского языка студентами вузов при обучении государственному языку. То есть, поскольку наиболее часто употребляемые слова в частотных словарях сначала располагаются в начале словаря, мы покажем, что их можно распознать как часто употребляемые слова казахского языка при общении, и что числовые данные имеют свои особенности. И есть все основания полагать, что он служит основным средством в общезыковом обучении и составлении различных словарей лексического минимума. То есть это основной лексический фонд для организации коммуникативного акта.

Процесс изучения языка должен быть максимально оптимизирован. В связи с этим важно обеспечить рациональные методы и программы, позволяющие обучаться. Частотные словари используются в различных областях, например: лингвистической типологии, преподавании языков, статистической лексикографии, социальных науках, а также теории языка и речи.

Эти отмеченные моменты подробно анализируются и дифференцируются в данной статье. Описана эффективность использования частотных словарей на практических занятиях.

В частности, авторы предлагают разработать технологию поуровневого обучения государственному языку студентов технических вузов на основе частотного словаря.

Ключевые слова: частотные словари, лексикография, слова терминов, лексический минимум, языковая единица, количественный анализ, статистика.

**B. D. Karbozova*¹, *G. K. Shakhazhanova*²

^{1,2}KazNITU named after K. I. Satpaev,

Republic of Kazakhstan, Almaty.

Accepted for publication on 30.11.23.

USING FREQUENCY DICTIONARIES WHEN STUDYING THE STATE LANGUAGE

The article deals with the effectiveness and importance of using a frequency dictionary of the Kazakh language by students of higher education institutions when teaching the state language. That is, since the most frequently used words in frequency dictionaries are first placed at the beginning of the dictionary, we will show that they can be recognized as frequently used words of the Kazakh language when communicating, and that the numerical data has its own characteristics. And there is every reason to believe that it serves as the main tool in general-language teaching and the compilation of various lexical minimum dictionaries. That is, it is the main lexical fund for the organization of the communicative act.

The language learning process should be optimized as much as possible. In this regard, it is important to provide rational methods and programs that allow learning. Frequency dictionaries are used in various fields, for example: linguistic typology, language teaching, statistical lexicography, social sciences, as well as language and speech theory.

These noted points are analyzed in detail and differentiated in this article. The efficiency of using frequency dictionaries in practical classes is described.

In particular, it is important to develop a technology for level-by-level teaching of the state language to students of technical universities based on a frequency dictionary, and the main obligations are proposed.

Keywords: frequency dictionaries, vocabulary, lexicography, phrases, lexical minimum, language unit, quantitative analysis, statistics.

Теруге 30.11.2023 ж. жіберілді. Басуға 29.12.2023 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,61 МБ RAM

Шартты баспа табағы 26,59. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 4165

Сдано в набор 30.11.2023 г. Подписано в печать 29.12.2023 г.

Электронное издание

3,61 МБ RAM

Усл. печ. л. 26,59. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова

Заказ № 4165

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz